ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 04 маусым №2301-24-00-2/1334 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің «№54 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ГОС ТОРГ» - Ашимбек Джолдасбекович Шаншаров,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің «№54 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның жауапкер жеке кәсіпкер «ГОС ТОРГ» - Ашимбек Джолдасбекович Шаншаровты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ГОС ТОРГ» - Ашимбек Джолдасбекович Шаншаровмемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ГОС ТОРГ» - Ашимбек Джолдасбекович Шаншаровтан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 04.06.2024
301-24-3-1/1389

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокуродың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева
Анықтама: шешім заңды күшіне 2024 жылғы 11 шілдеде енді.
Судья А.Е.Султангалиева

- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 04.06.2024

Заңды мәлімдеме ағтарылды: 11.07.2024 ... Султангалиева А. Е., 11.07.2024